

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 317 (2018), 136 – 143

ӘОЖ: 364.042

А.М. Бакирбекова, Д.Б. Манақбай, Н.Н. Таштанова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

E-mail: [aigul\\_bakirbek@mail.ru](mailto:aigul_bakirbek@mail.ru)

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КОРПОРАТИВТІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК: ҚАЛЫПТАСУЫ, ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

**Аннотация.** Қазіргі таңда қоғамның ақпараттық ашықтығының өсуіне байланысты отандық кәсіпкерліктің әлеуметтік бағыты өзекті саналып, мемлекеттік басқарудың жоғары деңгейінен қолдауды қажет етеді. Елімізде қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдай, отандық кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілікті ұғынуы, кеңінен жүзеге асыру бойынша мәселелерді тереңірек қарастыру қажеттігін көрсетеді. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етуші бағыттардың бірі, сол себепті оны жүзеге асырудың тәжірибелері әр елдің ұлттық ерекшеліктеріне орай өзгеше болып табылады. Дегенмен, жаһандық интеграция заманында отандық кәсіпкерлік өкілдерінің әлемдік нарыққа сәтті позицияда шығуы үшін заманауи талаптарға назар аударған маңызды. Қазақстандағы әлеуметтік жауапкершілік феномені өз алғышарттарын енгізіп, қоғам арасында жылдан жылға өзектілігін танытып келеді. Сондықтан қарастырылған мақалада Қазақстандағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің қалыптасуы, қазіргі жағдайына PEST-дау жүргізілген және шетел тәжірибесі негізінде дамыту жолдары ұсынылған.

**Түйін сөздер:** әлеуметтік мәселелер, әлеуметтік жауапкершілік, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік, отандық бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі, корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің PEST-талдауы.

**Кіріспе.** ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін экономикалық өсімнің жаңа моделін құру қажеттігін атап өтті [1]. Қазіргі кезде көптеген елдер осындай міндетті орындауға ұмтылып келеді. Өсімнің жаңа моделіне көшу тәсілі әр жерде әртүрлі, осыған орай Қазақстан әлемнің ең үздік бәсекеге қабілетті 30 елі қатарына кіру стратегиялық мақсатын орындауы үшін мықты тұстарымызды пайдаланып, тәуелсіздігіміздің жиырма бес жылында бірге қалыптастырған әлеуетімізді жоғалтып алмауымыз керек.

Қазақстандық бизнес жаһандық интеграция заманында әлемнің тұрақты дамуы үрдісіне міндетті түрде қатысады және осы тұрғыда қоғам, мемлекет және бизнес арасындағы үйлесімділік орнату, әлеуметтік тұрақсыздықтар мен тепе-теңсіздіктердің алдын-алу, қоршаған ортаға қамқорлық еліміз үшін маңызды. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін дамыту процесінде мемлекеттің маңызды рөлін атап өткен жөн. Бір жағынан, мемлекеттің әлеуметтік бағытталған кәсіпкерлік қызметті ынталандыру және қолдау бойынша айқын және бірізді саясаты ұзақ мерзімде болған жоқ. Екінші жақтан, мемлекет қазақстандық бизнестің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін жүзеге асыру тетіктері мен құндылықтарын құру процесінде маңызды рөл ойнады.

**Негізгі бөлім.** Қазақстанда әлеуметтік жауапкершілік феномені 2000 жылдардың басына дейін белгілі бір жүйелілікке ие болған жоқ. Дегенмен, осы уақыттан бастап елімізге келген трансұлттық компаниялардың және халықаралық тәжірибе алмасу нәтижесінде отандық кәсіпкерлер өз бизнес практикасына әлеуметтік жауапкершілік элементтерін енгізе бастады. Отандық ірі бизнес субъектілері қоғам алдындағы жауапкершілігін мойындап, бірқатар ірі жобалар мен әлеуметтік

бағдарламаларды жүзеге асыра бастады. Қазіргі уақытта қазақстандық әлеуметтік жауапкершілік көрінісінде ірі бизнес тәжірибесі ауқымды орын алады.

Кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігі идеясын ресми саясат ретінде қорытындылап бекіту 2005 жылы Қазақстан кәсіпкерлерінің екінші Конгресінде іс жүзінде орын алды. Бұл Конгресте ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың жаңа идеологиясының шектерін айқындап, экономикалық амал, әлеуметтік жауапкершілік және бизнес-қоғамдастықтың азаматтық позициясы атты үш негізгі қағидаттарын атап өтті [2].

Осы тұрғыда 2008 жылдың 24 қаңтарында өткен Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі мәселелері жөніндегі республикалық форумда Мемлекет басшысы мемлекет және бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруды тұрақты дамудың негізгі шарттарының бірі ретінде атап өтті. Қазіргі әлемдегі корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік тек қана қайырымдылық қана емес, сондай-ақ компанияның іскерлік беделі мен капиталдануын арттырушы тиімді қызмет. Бұл – бизнесінің болашаққа пайымды инвестициялары [3]. Мемлекет басшысы тарапынан қолдау – әлеуметтік жауапкершіліктің даму қарқынын сақтаушы маңызды фактор.

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік тек әлеуметтік мәселелерді шешу немесе ерікті түрде қайырымдылық көрсетумен шектеліп қоймайды. Бұл түсінік қарқынды дамып келе жатқан замандағы өзгерістер мен ерекшеліктерді үнемі ескеріп, жанданып отыруы тиіс. Еуразия Орталық Азия Қоры үшін Сандж Зерттеулер орталығы әзірлеген 2013 жылғы «Қазақстандағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік: ахуал, проблемалар және даму келешегі» атты зерттеу мәліметтеріне сүйенсек, отандық бизнес-қауымдастық корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті келесі тармақтарда түсінеді: кәсіпорында әлеуметтік пакет/бағдарламаларды енгізу және персоналдың жұмыс шарттарын жақсарту (83%), қайырымдылық (59%), персоналды дамыту және оқыту (54%), өңірдің даму бағдарламаларына қатысу (52%) [4].

Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі міндетті, әрі ерікті сипаттағы міндеттемелер, байланыстар, үрдістер, қарым-қатынастар мен әр түрлі тараптар жиынтығынан тұратын толыққанды жүйе болып табылады. Осы тұрғыда, отандық бизнес өкілдері қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени салаларына белсенді қатысып келеді. Елімізде әлеуметтік жауапкершілікті түсіндіру және қоғам арасында тарату мақсатында бірқатар маңызды іс-шаралар жүргізілді. Бұл көбінесе ірі кәсіпорындардың, атап айтқанда, ұлттық компаниялар және корпорациялардың бастамаларымен іске асырылуда.

Мысалы, «KEGOC» Акционерлік қоғамы 2014 жылы Астана қаласында «Электрэнергетикалық компанияларға арналған корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ): бизнесінің тиімділігін арттырамыз» тұңғыш салалық бизнес-оқу құралын жариялады. Аталған баспа корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің негізгі сипаттамалары мен модельдерін, оның елімізде және шетелдегі заманауи даму үрдістерін, жетекші отандық және халықаралық 30 компанияның ең үздік тәжірибелерін, электрэнергетика секторындағы әлеуметтік жауапкершіліктің маңызды мәселелерін, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік стратегиясын даярлау және жүзеге асыру бойынша практикалық қадамдарды қарастырады [5].

Сонымен қатар, «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қорының ұйымдастыруымен, 2016 жылдың 25 мамырында Астана экономикалық форумы аясында, «Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік» сессиясы өтті. Аталған сессияға бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігін енгізудің халықаралық практиктері қатысып, бизнесінің тұрақты дамуы, әлеуметтік жауапкершілік және әлеуметтік инвестициялар мәселелеріне ерекше назар аударылды [6].

Елімізде әлеуметтік жауапкершіліктің маңызы мен басты қағидаттарын енгізу, бизнес-қауымдастық, мемлекет және азаматтық сектор арасындағы әріптестікті нығайту мақсатында 2017 жылы 24-25 ақпан күндері тұңғыш республикалық Корпоративтік қайырымдылық форумы өтті. Форумды өткізудің басты мақсаты – Қазақстандағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамыту, қайырымдылық бағдарламалардың ең үздік тәжірибелерін анықтау, сондай-ақ бизнес-орта мен қоғам арасында корпоративтік қайырымдылық туралы ақпарат тарату. Аталған іс-шараға еліміздің 150 ірі, орта және шағын компаниялары қатысты. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы тәжірибе алмасу бойынша бұл тұңғыш республикалық ірі іс-шара саналады [7].

Сондай-ақ, Қазақстанда корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамыту саласында энтузиастардың болуы жағымды жаңалық саналады. Осыған мысал ретінде «Қазақстандағы КӘЖ

клубын» атап өтуге болады. Клуб мүшелері ерікті және өтеусіз негізді жаңа бастамаларды әзірлеу және талқылау үшін кезеңді түрде кездесулер ұйымдастырады [8].

Мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілікті ынталандыру мақсатында ұсынған ынталандырудың бірі ҚР Президентінің «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» байқауы туралы» 2008 жылғы 23 қаңтардағы №523 Жарлығы және оған сәйкес өткізілетін іс-шаралар саналады. Байқау мақсаты Қазақстан жеке кәсіпкерлігі субъектілерінің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру және жылжыту, осы саладағы ең жақсы тәжірибені енгізуді ынталандыру болып табылады [9]. Бұл әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын бизнес-ортаға дәріптеу үшін тиісті ақпараттық алаң, ынталандырушы жағдайлар құрудың жақсы мысалы саналады.

«Адамдардың елеулі жетістіктері» Қоғамдық қорының бастамасымен 2017 жылы «Аманат» қоғамдық сыйлығы тағайындалған болатын. Ол еліміздің әлеуметтік-экономикалық әрі қоғамдық өміріне елеулі үлес қосқан және қызметі жасампаз еңбекке, игілік пен ақыл-парасатқа негізделген жалпы адамзат құндылықтарын нығайтуға көмектесетін адамдарды көтермелеуге арналған. Аталған сыйлық мемлекеттік органдар, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, жергілікті қоғамдастықтар, кәсіпкерлер қауымдастықтары, үкіметтік емес ұйымдар тарапынан қолдауға ие. G-Global Халықаралық хатшылығы «Аманат» сыйлығының ұйымдастырушыларының бірі болып табылады [10].

ҚР Президенті қабылдаған жарлықтарды және өзге нормативтік құқықтық құжаттарды, оның үкімет пен мемлекеттік билік органдарына тапсырмаларын орындау аясында, қазіргі уақытта бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін дамыту бойынша әр түрлі шаралар іске асырылды.

ҚР Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті 2014 жылдың 1-қаңтарында Қазақстан Республикасының «Әлеуметтік жауапкершілік. Талаптар» стандарты қолданысқа енгізді (Social accountability international (Mod)), қысқартылған ҚР СТ 1352-2012 (SA 8000:2008, Mod). Бұл стандарт әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын жылжыту және компаниялар мен ұйымдарда тарату мақсатында әзірленді [11].

Қазіргі уақытта «әлеуметтік жауапты бизнес» немесе «корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік» терминдері Қазақстанда аса өзекті, әрі танымал болып келеді. Елімізде корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті институттау үдерісі орын алып, оны ұлттық модель кейіпінде бекіту бойынша талпыныстар байқалады.

Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі моделін тиімді қалыптастыру мен мәселелерін шешу бойынша пікірлер және тәжірибелер алмасу бойынша іс-шаралардың бастамашысы болып «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Қазақстандағы БҰҰ даму бағдарламасы болып табылады [12]. Қазақстан Республикасында бизнес өкілдерінің әлеуметтік жауапкершілігінің жағдайын жақсарту және дамыту, халықаралық деңгейдегі стандарттар мен талаптарға сәйкестендіру, бизнес және азаматтық қоғам үшін қолайлы орта тудыру мақсатында 2014 жылғы Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бойынша Ұлттық тұжырымдама жобасын әзірленді.

Ұлттық тұжырымдаманың бұл жобасы барлық халықаралық ұйымдарды, мемлекеттік органдарды, шағын және орта кәсіпкерлік кәсіпорындары мен трансұлттық компаниялар мен корпорацияларды, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар мен әлеуметтік әріптестіктер және басқа мүдделі заңды және жеке тұлғаларды еліміздегі әлеуметтік жауапкершілікті ынталандыру мен дамыту үшін жаңа тетіктер мен іс-шаралар Жоспарларын әзірлеуге шақырады. Ұлттық тұжырымдаманың бұл жобасы ҚР Үкіметінде келісу процесінде болып саналады.

Жүргізілген зерттеулердің деректеріне сүйене отырып, отандық бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің қазіргі ахуалына PEST-талдау жасалынды (1-кесте). Талдау 4-санаттағы факторлардан тұрады: саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени және технологиялық. Қазақстанда корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің 4 санаттағы факторларын анықтау арқылы, оның болашақтағы даму келешегіне бастамалар анықталды. Сондай-ақ, аталған құбылыстың дамуын тежеуші немесе қауіп әкелуі ықтимал тәуекелдері аталып өтті.

Кесте деректеріне сәйкес, елімізде әлеуметтік жауапкершілік саласына қатысты қызметті ұйымдастыру бойынша мемлекет институтының рөлі жоғары, ал қоғамның әлеуметтік дамуын қолдау бойынша бизнес институты маңызды үлесін қосуда. Алайда, азаматтық қоғам тұрғысынан әлі де пассивтілік байқалады.

## 1 кесте - Қазақстандағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің қазіргі ахуалына PEST-талдау

Дамуға мүмкіндіктер береді	Қауіп-қатерлер тудырады
<b>Саяси факторлар (P)</b>	
<ul style="list-style-type: none"> <li>– Мемлекет тарапынан елеулі қолдаудың болуы. Дәлірегі, соңғы 10 жылда әлеуметтік жауапкершілік маңызы ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауларында көрініс тапты. Сондай-ақ, мемлекет, бизнес-қауымдастық және азаматтық қоғам арасындағы үш партияға мемлекет тарапынан ерекше назар аударылады.</li> <li>– ҚР заңнамасында, дәлірегі ҚР Конституциясы, Кәсіпкерлік кодексі, Экологиялық кодексі, Салық кодексі, Еңбек кодексі және өзге нормативтік-құқықтық құжаттарда әлеуметтік жауапкершілікті реттеуші тараптар заңнамалық негізде белгіленген.</li> <li>– ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті тарапынан әлеуметтік жауапкершілікке талаптар келтірілген ұлттық стандарттар қолданылады.</li> <li>– Жаһандық нарыққа шығу аясында әлеуметтік жауапкершілік саласындағы бірқатар халықаралық келісімдер мен құжаттарға қолжетімділік.</li> </ul> <p>«Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бастамасымен елімізде Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі Ұлттық тұжырымдама жобасы әзірленді.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Ұлттық заңнаманың, соның ішінде салықтық, кәсіпкерлікті қолдау, экологиялық, еңбек заңнамасының өзгеру ықтималдығы.</li> <li>– Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) заңнамасын үйлестіру үдерісі аясында әлеуметтік жауапкершілікті реттеуші талаптардың, заңнаманың өзгерістеріне әкелуі мүмкін.</li> </ul> <p>Елдегі бюрократия және сыбайлас жемқорлық жағдайының ықтимал теріс әсері.</p>
<b>Экономикалық факторлар (E)</b>	
<ul style="list-style-type: none"> <li>– Ел экономикасын оңтайландырудың жалғасуы, соның ішінде жеке кәсіпкерлік секторының өсуі және оның экономикадағы рөлін нығайтуға бағытталады.</li> <li>– Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіру, ЕАЭО құрамында болу аясында ашылатын жаңа мүмкіндіктер мен тәжірибе алмасу.</li> <li>– Тұтыну және инвестициялауды ынталандырушы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру барысында экономикалық өсімің артуы болжанады (ЖІӨ өсімі 2016 жылы – 1%, 2017 жылы – 2,4%, 2018 жылы – 2,2%).</li> <li>– Қазақстан Дүниежүзілік экономикалық форумның рейтингінде 51-орынды иеленді. Жергілікті және әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті арттыруға бағытталау.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыстың даму келешегінің белгісіздігі.</li> <li>– Экономиканың негізгі қорларының тозуы, қорларды жандандыру және автоматтандыру тәжірибесінің жетіспеушілігі.</li> <li>– Еңбек өнімділігінің төмен деңгейі.</li> <li>– Соңғы жылдардағы валюталық өзгерістер, теңге құнының тұрақсыздығы салдарының тұтыну мүмкіндіктеріне, төлем қабілеттілік пен халықтың төмендеуі, материалдық әл-ауқаттына кері әсері</li> </ul>
<b>Әлеуметтік-мәдени факторлар (S)</b>	
<ul style="list-style-type: none"> <li>– Халықтың көпшілігін кәсіпкерлік қызметке тартудың мемлекеттік бағдарламаларының (Жұмыспен қамту-2020, Бизнесің жол картасы – 2020, Агробизнес және т.б.) белсенді жұмысы.</li> <li>– Кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапты мәдениетінің дамуы (республикалық, жергілікті деңгейдегі дөңгелек үстелдер, форумдар, семинарлар).</li> <li>– Әлеуметтік жауапкершілікті жетілдіру тәртібіне ұсыныстар даярлау мақсатында қазақстандық, шетелдік зерттеу орталықтарымен зерттеулер жүргізіледі (Еуразия Орталық Азия Қоры үшін Сандж Зерттеулер орталығы әзірлеген зерттеу және т.б.).</li> <li>– Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жүргізудің ашықтығы. Көптеген ірі кәсіпорындар тарапынан қаржылық емес есептілік (тұрақты даму саласындағы есептер) жарияланады.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Қаржылық-экономикалық дағдарыс салдарларынан жұмыссыздық, қысқартулар, әлеуметтік шиеленістердің артуы мүмкіндігі.</li> <li>– Бизнесің әлеуметтік жауапкершілігіне қоғамның пассивтілігі, қызығушылықтың жоқтығы, халықтың хабардарлығының төмендігі.</li> <li>– Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы кадрлардың жетіспеушілігі.</li> <li>– Білік, компаниялар және қоғам арасындағы бастамалардың бірізді болмауы, шапшаңқалығы. Бизнесің әлеуметтік жауапкершілікке формализмдік көзқарасы.</li> </ul>
<b>Технологиялық факторлар (T)</b>	
<ul style="list-style-type: none"> <li>– Заманауи ақпараттық технологиялардың (соның ішінде ұялы технологиялар, цифрлі технологиялар) дамуы.</li> <li>– Өндірістік заманауи, тиімділігі жоғары технологиялардың дамуы, өндірісті автоматтандыру үрдісі.</li> <li>– Технологиялар «трансферті», инфрақұрылымды дамытуды инвестициялау.</li> <li>– Әлеуметтік желілердің, жаңа ақпараттық байланыстың даму үрдісі, өзара жылдам ақпарат алмасу мүмкіндіктерінің болуы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Өндірістегі экологиялық қауіпсіздіктің төмен деңгейі. Технологиялар салдарынан қоршаған ортаға келетін залалдардың артуы ықтималдығы.</li> <li>– Инженерлік кадрлардың жетіспеушілігі, мамандар арасында жаңа технологияларды меңгеру бойынша тәжірибе аздығы немесе болмауы.</li> <li>– Отандық кәсіпкерлер арасында тозған немесе ескірген технологиялардың басымдығы.</li> </ul>
Ескерту - мәліметтер [4], [12], [13] негізінде автормен құрастырылды	

Отандық кәсіпкерлік субъектілері арасында жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне



сәйкес, елімізде корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті қолдану тәжірибесі көбінесе ірі кәсіпкерлікке тән. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері әлі де бұл құбылыс жайлы толық хабардар емес, не болмаса оны жүзеге асыру бойынша тәжірибесінің аздығын көрсетеді.

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз етуші бағыттардың бірі, сол себепті оны жүзеге асырудың тәжірибелері әр елдің ұлттық ерекшеліктеріне орай өзгеше екенін көреміз. Дегенмен, жаһандық интеграция заманында отандық кәсіпкерлік өкілдерінің әлемдік нарыққа сәтті позицияда шығуы үшін заманауи талаптарға назар аударған маңызды. Еліміз үшін бұл құбылысты жетілдіру және жандандыру үшін қажетті ұсынымдарды даярлау барысында корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті мемлекеттік реттеудің шетелдік тәжірибесін жалпылай қарастыру маңызды.

Мысалы, Еуропалық Одақ елдерінде корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті жылжыту және басқару бойынша уәкілеттіктер министрліктер мен ведомстволар қатарына бөлінген. Италияда корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамуына байланысты барлық мәселелерге Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі және Экология және қоршаған ортаны қорғау министрлігі жауап береді, ал Ұлыбританияда – Сауда және өнеркәсіп министрлігі, Норвегияда – Мемлекеттік хатшылардың координациялық кеңесі қолдауы жанында Сыртқы істер министрлігі. 2001 жылдан бастап Ұлыбританияда Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік министрі қызметі бекітілген [14]. Аталған елдердің үкіметтері корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті маңызды әлеуметтік-экономикалық даму міндеттерін шешу барысында сәтті қолданады.

Бұл елдердің маңызды ерекшелігі үкіметтің өзінің ішкі және сыртқы әлеуметтік жауапкершілігі болып табылады, яғни үкімет барлық бизнес субъектілері үшін оның дамуындағы үлгі болып саналады. Үкіметтің ішкі әлеуметтік жауапкершілігі еңбек балансы мен қызметкерлердің демалысын сақтауға, мансаптық өсу үшін тең мүмкіндіктер жасауға, этикалық қағидаттарды ескере инвестициялауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске бағытталған бағдарламаларда көрініс табады. Сыртқы әлеуметтік жауапкершілігі мемлекеттік бюджетті құру, ресурстарды бөлу, халықаралық стандарттар жүйесін енгізу, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті ақпараттық-әдіснамалық қолдау барысында көрінеді.

Әлемдік тәжірибені талдай келе, бизнес-қауымдастық пен азаматтық қоғамды әлеуметтік жауапты мінез-құлыққа итермелей отырып, мемлекет әр түрлі ынталандырушы құралдар мен тетіктерді, реттеудің жеңіл нысандарынан бастап заңнамада айқындалған қатаң талаптарға дейін пайдаланатынын байқаймыз. Олардың ішінде Қазақстан үшін қолдануға тиімді әрі қажет саналатын ең озық тәжірибелерге келесілер жатады:

– Қауымдастыққа корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің қоғам дамуындағы рөлі және әлеуметтік-жауапты бизнестің ең жақсы тәжірибелері туралы ақпараттандыру – кәсіпорындарда әлеуметтік жауапкершілікті қолдаудың аса танымал бағыты. Үкімет арнайы ақпараттық орталықтар құрып, бұқаралық ақпарат құралдарын насихаттауға, мәселелерді талқылап, осы саладағы ең жақсы ұлттық және шетелдік тәжірибелер туралы оқырмандарды ақпараттандыруға шақырады. Интернет ресурс кеңінен қолданылып, мамандандырылған веб-сайттар құрылады. Үкіметтің қолдауы барысында әлеуметтік жауапкершілікті іске асырудың әр түрлі аспектілері бойынша ақпараттық материалдар, буклеттер, брошюралар жарияланып, конференциялар, форумдар мен семинарлар және «дөңгелек үстелдер» өткізіледі.

– Бизнестің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы қосымша ерікті бастамаларын қолдау және ынталандыру. Бұл саладағы этикалық мінез-құлқын ынталандыру және насихаттау мақсатында көптеген мемлекеттер салалық және корпоративтік этика кодекстерін әзірлеу және енгізуге белсенді түрде қатысып, тіпті бастамашы ретінде әрекет етеді. Көптеген елдерде бизнестің әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын дамытуға қосқан ерікті үлесі үшін арнайы мемлекеттік наградалар мен премиялар тағайындалады, ақпараттық және консультациялық көмекке қоса, кәсіпорындардың әлеуметтік бастамаларына қаржылай көмек беруші арнайы құрылымдық бөлімшелер құрады.

– Оқыту, зерттеу және әдіснамалық қолдау шаралары. Бұл үшін корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бойынша мемлекеттік қызметкерлерге, бизнес өкілдеріне, қоғамдық/кәсіби одақтардың мүшелеріне, қауымдастықтар мен бірлестіктер өкілдеріне семинарлар мен тренингтер өткізу тәжірибесі жүргізіледі, болашақта осы қатысушылар өз ұйымының мүшелері мен тұтынушылары арасында ақпарат тарату арқылы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті жылжытудың катализаторы рөлін атқаратын болады. Сондай-ақ, әр түрлі университеттер мен колледждердің мамандықтары үшін оқу бағдарламаларына «Корпоративтік әлеуметтік жауап-

кершілік» жаңа пәні енгізілген. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің аса тиімді құралдарын анықтау, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті практикада сәтті қолдану мысалдарын зерттеу, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік мәселелерін зерттеу және т.б. мақсатында көптеген елдердің мемлекеттері осы салада зерттеулер жүргізуді белсенді түрде қолдап келеді.

– Мүдделі тараптарды (стейкхолдерлерді) корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік мәселелеріне тарту. Мемлекеттік саясаттың бұл бағытын дамыту ұйымда мемлекет, бизнес қауымдастық, кәсіби және қоғамдық бірлестіктер мен басқа мүдделі тараптармен корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті жүзеге асыру барысында диалог және әріптестікті ұйымдастыруға әрекеттесумен байланысты. Аталған іс-шаралар ресурстарды біріктіруге және аса маңызды нәтижелерге қол жетуге бағытталады. Мүдделі тараптардың пікірі корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамыту жөніндегі саяси құжаттарды даярлау барысында міндетті түрде ескеріледі.

– Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі халықаралық ынтымақтастық. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамыту – әлемнің көптеген елдерін қамтыған идея. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің халықаралық қағидаттарын жылжыту және күш-жігерді біріктіру үшін көптеген ел үкіметтері халықаралық ұйымдардың бастамаларын жан-жақты қолдап келеді. Жекелей айтқанда, БҰҰ «Жаһандық келісім» бастамасын қолдап, конвенцияларға қол қояды, келісімдер мен шарттар жасасып, халықаралық форумдарға қатысады. Адам құқықтарын қорғау, қоршаған ортаны қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бастамаларын жылжыту маңыздылығы, халықаралық корпорациялар қызметі, еңбек қатынастары, денсаулық сақтау және т.б. қатысты халықаралық стандарттар мен құндылықтар үкімет тарапынан мемлекеттік компанияларға қолдануға ұсынылады.

– Мүдделерді біріктіру және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қызметінің ашықтығы. Көптеген елдердің үкіметтері корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы әлемдік қауымдастық мүдделерін біріктіруге ықпал етуде. Соңғы жылдары әлеуметтік-жауапты инвестициялау аса танымалдыққа ие (SRI), оның негізінде инвестициялардың әлеуметтік және экологиялық салдарларын инвестициялық шешім қабылдау барысында ескеру жатады. Әлеуметтік инвестициялау компанияның инвестициялау үшін қолданбалы объектілердің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік критерийлеріне сәйкестігін зерттеу және бөліп қарауды да білдіреді (ашық іскерлік практика, этикалық құндылықтар, өз қызметкерлеріне, акционерлер мен тұтынушыларға құрмет, қоршаған ортаға қамқорлық және т.б.). Әлеуметтік жауапты бизнестің акциялары мен құнды қағаздары көптеген инвесторлар, соның ішінде зейнетақы қорлары үшін инвестициялаудың тартымды объектісі болып табылады.

– Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бойынша бағалау және есептілік жүйелерін енгізу. Әлеуметтік жауапкершілік туралы шынайы ақпарат алу үшін мемлекет корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бойынша бағалау және есептілік жүйесін енгізуге белсенді түрде қатысады. Мемлекеттің қолдауы барысында есептілік жөніндегі әдіснамалық нұсқаулықтар әзірленеді, қаржылық емес есептілікті даярлауда көмек көрсету бойынша арнайы құрылымдық бөлімшелер құрылады. Кейбір елдерде тұрақты аудиторлық есептерге корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті сақтау туралы ақпаратты қосу міндетті болып саналады. Бұл, әсіресе, кәсіпорын іс-әрекеті экологиялық ахуалға зиян тигізуі ықтимал өнеркәсіп салаларында, мысалы, химиялық немесе металлургиялық салаларда кеңінен қолданылады.

– Салықтық және инвестициялық құралдарды қолдану. Компанияның әлеуметтік жауапкершілігі салықтық жеңілдіктер, преференциялар, субсидиялар беру арқылы ынталандырылатын жағымды жағдайлар құру – бизнестің әлеуметтік жауапты мінез-құлқына мотивацияның ең тиімді тәсілі. Бизнестің әлеуметтік шығындары, қайырымдылыққа кеткен қаражаттары, коммерциялық емес ұйымдарға, көптеген еуропалық елдердегі қорларға мақсатты төлемдеріне табыс салығы салынбайды. Әлеуметтік жауапкершілік ұстанатын бизнес өкілдеріне ең маңызды салықтық емес преференция мемлекеттік тапсырысты орындауға кәсіпорындарды таңдау барысында корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті есепке алу болып табылады.

– Арнайы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік заңнамасы. Көптеген еуропалық елдерде корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөнінде арнайы заңнама жасалынған, олар жоғарыда аталған ынталандыру және кәсіпорындардағы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті реттеу құралдарын ескереді.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, бұл салада айтарлықтай маңызды нәтижелерге жеткен мемлекеттер жүйелік қадамды ұстанады, атап айтқанда:

– Мемлекеттік құрылымдар жұмысына корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидат-

тарын енгізу, негізгі функцияларды орындау, сол арқылы үкімет өзінің жеке мысалында аталған процестердің ел үшін маңыздылығын көрсетеді;

- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті ұсыныстық сипат және еріктілік қағидаттарын сақтау негізінде икемді реттейді;

- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын іскерлік практикаға енгізу үшін бизнесті моральді және материалды ынталандыруға назар аударылады;

- Аталған қозғалыспен барлық мүдделі тараптарды кең ауқымды қамту бойынша шаралар жүргізіледі.

Халықаралық тәжірибені талдай келе, озық үлгілерді қарастыра отырып, аталған саланың Қазақстандағы қазіргі ахуалы әлі де бірқатар қолдау мен ұсыныстарды қажет екенін көреміз. Осыған байланысты, келтірілген деректерге сүйене отырып, Қазақстанда корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті мемлекеттік саясат тұрғысынан жетілдіру бойынша келесі ұсыныстар жасаймыз:

- Қауымдастыққа корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің қоғам дамуындағы рөлі және әлеуметтік-жауапты бизнестің ең жақсы тәжірибелері туралы ақпараттандыру,

- Бизнестің әлеуметтік жауапкершілік саласындағы қосымша ерікті бастамаларын қолдау және ынталандыру.

- Оқыту, зерттеу және әдіснамалық қолдау.

- Мүдделі тараптарды (стейкхолдерлерді) корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік мәселелеріне тарту.

- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі халықаралық ынтымақтастық.

- Мүдделерді біріктіру және бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі қызметінің ашықтығы.

- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бойынша бағалау және есептілік жүйелерін енгізу.

- Салықтық және инвестициялық құралдарды қолдану.

- Арнайы корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік заңнамасын қалыптастыру.

Сондай-ақ, әлеуметтік жауапкершілік бірінші кезекте бизнес өкілдері тарапынан дамитынын ұмытпаймыз қажет. Бұл тұрғыда, Қазақстандағы қазіргі ахуалды талдап, отандық кәсіпорындардың әлеуметтік жауапкершілік саласындағы қызметін жетілдіру бойынша кәсіпкерлерге келесі ұсыныстар жасаймыз:

- Әлеуметтік (қаржылық емес) есептілік құру саласында мәдениет қалыптастыру.

- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік тәжірибесін жүзеге асыру барысында қазіргі уақытта мемлекеттің преференцияларын білу және пайдалану.

- Стейкхолдерлердің әлеуметтік процестерге тартымдылық деңгейін арттыру.

- Елімізде корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамытуға ықпал етуші әлеуметтік институт құру.

- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласында кадрлар даярлау, қайта даярлау және кәсіби біліктілігін арттыру.

- Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік нысандарының даму үрдістері мен әлеуетін зерттей келе, заманауи трендтерді енгізуге ерекше назар аудару.

- Қауымдастықты жүргізіліп жатқан корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік тәжірибесі туралы ақпараттандыру.

Сонымен, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік – мемлекеттің ұлттық беделін және экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, кәсіпорындардың инвестициялық және экспорттық беделі өсімінің, әлеуметтік тәуекелдердің азаюы мен экологиялық қауіпсіздік, өңірлік дамуды арттырудың алғышарты. Компанияның басқару жүйесіндегі әлеуметтік жауапкершілікті елімізде ілгері жетілдіру жолдарын айқындай отырып, болашақта бұл құбылыстың дамуы өркениетті азаматтық қоғам, мемлекеттік билік және кәсіпкерлік субъектілері арасындағы өзара әріптестік пен тұрақты дамуға септігін тигізетіні сөзсіз.

## ӘДЕБИЕТ

[1]. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына жолдауы

[2]. «Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на Конгрессе предпринимателей Казахстана». Астана қ., 28.10.2005 // <https://www.zakon.kz/65894-vystuplenie-prezidenta-respubliki.html>

[3]. М. Калменовтің редакциясымен М. Сапрыкина, А. Зинченко, О. Янковская, Е. Трегуб, «КСО для электроэнергетических компаний: повышаем эффективность бизнеса», АО «KEGOC», Алматы қ., 2014 – 168 б.

[4]. «Корпоративная Социальная Ответственность в Казахстане: ситуация, проблемы и перспективы развития»,

Сандж Зерттеулер орталығы, Астана қ., 2013 – 97 б.

[5]. «Пресс-релиз о презентации первого казахстанского отраслевого бизнес-пособия по корпоративной социальной ответственности и устойчивому развитию» // <http://www.kegoc.kz/ru/press-centr/press-relizy/press-reliz-o-prezentacii-pervogo-kazahstanskogo-otraslevogo-biznes> Астана қ., 2014

[6]. «Впервые тему КСО обсудили на АЭФе» // <http://csrjournal.com/18472-vpervye-temu-kso-obsudili-na-aefe.html> Астана қ., 2016

[7]. Корпоративтік қайырымдылық форумы 2017 // <http://corpcharity.kz/>

[8]. «Развитие корпоративной социальной ответственности» // <http://ef-ca.kz/proekty/kso>

[9]. Қазақстан Республикасы Президентінің «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі "Парыз" конкурсы туралы» 2008 жылғы 23 қаңтардағы N 523 Жарлығы

[10]. «Премия «Аманат» будет вручена на ЭКСПО-2017», Астана қ., 2017 ақпан // <http://group-global.org/ru/news/premiya-amanat-budet-vruchena-na-ekspo-2017>

[11]. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты «Әлеуметтік жауапкершілік. Талаптар» (Social accountability international (Mod)), қысқартылған ҚР СТ 1352-2012

[12]. «Обсуждение национальной концепции корпоративной социальной ответственности бизнеса в Казахстане», Астана қ., 2014 // <http://palata.kz/ru/news/5448-5448>

[13]. «Развитие корпоративной социальной ответственности» // <http://ef-ca.kz/proekty/kso>

[14]. Истомина Л.А., Елецких Т.В., Елова О.Л. «Роль государства в продвижении корпоративной социальной ответственности. Обзор международного опыта», Минск қ., 2010 // <http://un.by/file/The%20role%20of%20government%20in%20CSR%20promotion.PDF>

**А.М. Бакирбекова, Д.Б. Манақбай, Н.Н. Таштанова**

### **КОРПОРАТИВНАЯ СОЦИАЛЬНАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ В КАЗАХСТАНЕ: СТАНОВЛЕНИЕ, СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПУТИ РАЗВИТИЯ**

**Аннотация.** В современных условиях информационная открытость общества обуславливает рассмотрение вопросов социальной направленности отечественного предпринимательства и необходимость поддержки государственного управления. Сложившаяся социально-экономическая обстановка показывает необходимость понимания социальной ответственности предпринимателями и рассмотрения проблем ее реализации. Корпоративная социальная ответственность является одним из направлений устойчивого развития общества, поэтому опыт ее развития в различных странах имеет свои особенности. В условиях глобальной интеграции отечественные субъекты предпринимательства должны обратить внимание на современные требования вхождения в мировой рынок. Казахский феномен социальной ответственности имеет свои предпосылки и ее актуальность с каждым годом повышается. В связи с этим в данной статье рассматривается становление казахстанской корпоративной социальной ответственности, проведен PEST-анализ современного состояния и предложены пути развития на основе зарубежного опыта.

**Ключевые слова:** социальные проблемы, социальная ответственность, социальная ответственность бизнеса, корпоративная социальная ответственность, социальная ответственность отечественного бизнеса, PEST-анализ корпоративной социальной ответственности

**A.M. Bakirbekova, D.B. Manakbay, N.N. Tashtanova**

### **CORPORATE SOCIAL RESPONSIBILITY IN KAZAKHSTAN: FORMATION, CURRENT STATE AND DEVELOPMENT PATHWAYS**

**Abstract.** In modern conditions, the information openness of the society causes the consideration of issues of the social orientation of domestic entrepreneurship and the need to support public administration. The combined socio-economic situation shows the need for understanding of social responsibility by entrepreneurs and consideration of problems of its implementation. Corporate social responsibility is one of the directions of sustainable development of the society, therefore the experience of its development in different countries has its own peculiarities. In conditions of global integration, domestic business entities should pay attention to modern requirements for entering the world market. The Kazakhstan phenomenon of social responsibility has its own prerequisites and its relevance rises every year. In this connection, this article examines the formation of Kazakhstan's corporate social responsibility, conducted a PEST analysis of the current state and proposed ways of development based on foreign experience.

**Keywords:** social problems, social responsibility, social responsibility of business, corporate social responsibility, social responsibility of domestic business, PEST-analysis of corporate social responsibility

**Авторлар туралы мәлімет:**

Бакирбекова Айгүл Макулбекқызы – э.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Менеджмент» кафедрасының доценті м.а., Астана қ., [aigul\\_bakirbek@mail.ru](mailto:aigul_bakirbek@mail.ru), с.т. 87014466641;

Таштанова Нурия Нурмапиевна – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Есеп, аудит және талдау» кафедрасының доцент м.а., экономика ғылымдарының магистрі Астана қ., [nurilyat@mail.ru](mailto:nurilyat@mail.ru), с.т. 87016010265;

Манақбай Дәмира Бөкейханқызы, экономика ғылымдарының магистрі, Астана қ., [makekemel@mail.ru](mailto:makekemel@mail.ru), с.т. 87011110260.